

### 3.3 «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы - 1 сағат

#### Дәріс жоспары:

1. Қазақ зиялылары және олардың XX ғ. басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі
2. Ресейдегі Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Облыстық қазақ съездерінің маңызы. Ұлт зиялыларының Уақытша үкімет органдарындағы қызметі
3. Бірінші Жалпықазақ съезі және «Алаш» партиясын құру туралы шешім

Түркі-мұсылман халықтарының зияткерлік элитасы мен Ресей империясының өзара байланыстары. Ресей империясындағы мұсылман қозғалысының қалыптасуы. Қазақ элитасы өкілдерінің бүкілресейлік Мұсылман съездеріне қатысуы. Орыс түркітану ілімі және оның қазақ ұлттық қозғалысының қалыптасуына әсері. Мұсылмандық қайырымдылық қоғамдары және олардың қызметі. Маркстік, либералдық-демократиялық, кадеттік топтар мен ағымдардың қалыптасуы. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттері. Қазақ саяси элитасының қазақ комитеттерін құруға шақыруы. Облыстық қазақ съездері және олардың маңызы. Уақытша үкімет органдарындағы ұлттық зиялылар өкілдерінің қызметі. 1917 жылғы жаздағы саяси дағдарыс. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім. Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысы мен Алаш партиясы депутаттарын сайлау. Қазақ зиялыларының саяси, мәдени-ағартушылық қызметін зерттеудегі жаңа ұстанымдар.

#### Ұсынылатын әдебиеттер

##### Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 3 - том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
2. Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности  
номадного общества. – Алматы: Горизонт, 1995. – 320 с.
3. История Казахстана (Қазақ Елі). Книга 3: Казахстан в условиях колониальной  
и тоталитарной системы. – Алматы: Өнер, 2018. – 265 с.